## "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 желтоқсандағы N 1292 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

*Жоба*

## Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы

**1-бап** . "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 24, 149-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

56-бапта:

1-тармақ "демалыс уақыты" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңда көзделген өзге уақыт" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні және 7 қаңтарда атап өтілетін Православное Рождество демалыс күндері болып табылады.".

**2-бап** . Осы Заң алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі .

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК